

- 2 История Каркаралы в документах и материалах. Т I. Алматы: 2008
- 3 Толыбеков С. Е. Кочевое общество казахов XVII - начала XX вв. Политико-экономический анализ. Алма-Ата, 1971
- 4 Әрінов А. Атамекен Арқадағы - шежірелі Қарқаралы. А., 2003
- 5 Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні.-А.: Эвро, 2004
- 6 Кұл-Мұхаммед М. Алаш ардагері Жақып Ақбаев. А., 1996
- 7 Шаймұханов Д.А. және т.б. Қасиетті мекен - Қарқаралы. - Қарағанды, 2004

XX ғ. 20 – 30 ЖЖ. АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАРҚАРАЛЫ ОКРУГІНІҢ САЯСИ ЖАҒДАЙЫ

Иксанов С.Б. г.ғ.м., аға оқытушы **Шохатаев О.С.** а.э.м., аға оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Қазақ АКСР-нің әкімшілік-аумақтық құрылымының негізі РКФСР Халықтық Комиссариат Кеңесінде 1919 жылғы 10 шілдесінде «Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқарудағы Революциялық Комитет ережесінде» анықталды. Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары Революциялық Комитетке қарады. Ендігі кезекте бүкіл қазақ даласын біріктіру жолдары жасалды. 1920 жылы 26 тамызда Ленин мен Калинин қол қойған Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылымы, заңмен бекітілген қазақ кеңестік ұлттық мемлекет құру жөнінде БОАК және ХКК РКФСР декреті таратылды. Қазақ АКСР-нің құрылымы жөніндегі декрет, оның территориясымен облыс және болыс құрамын анықтады. Қазақ АКСР-нің құрамына Семей облысы болыстарымен: Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан, Қарқаралы; Ақмола облысы болыстарымен: Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл және Омбы болыстарының бөлігі кірді. РКФСР-дің басқа да губерния құрамындағы болыс, уездердің басым бөлігін құраған қазақ халқы Қазақ АКСР-нің құру дайындығы барысында болашақ Республика құрамына кіруге өтініш білдірді. Қазақ АКСР-нің құрылғанға дейін Ақмола, Семей губерниялары уақытша Сібір Революциялық Комитет құрамында болды. Үлкен аумақты алып жатқан территорияларды Қазақ АКСР-не біріктіру тез арада жүзеге асқан жоқ уақыт өте, тек 1921 жылдың сәуірінде ғана жүзеге асырылды. Ақмола, Семей губерниялары Қазақ АКСР-дің құрамына көшті. Семей губерниясы (орталығы Семей қаласы болған) ОАК Қазақ АКСР-нің 1920 жылғы 11 желтоқсанындағы 1 сессиясының қаулысымен құрылды. Семей губерниясын 4 уезд құрады: Зайсан (23 болыс), Қарқаралы (24 болыс), Семей (49 болыс), Өскемен (39 болыс). Қарқаралы уезі Қазақ АКСР-нің қаулысы қабылданғанға дейін 44 болысты құрады [1, 68 б.]. 1923 жылы қазан айында ОАК Қазақ АКСР-нің қаулысы бойынша ұсақ шашырап жатқан болыстар біріктірілді. Зайсан (9 болыс), Қарқаралы (15 болыс), Семей (16 болыс), Өскемен (3 болыс). 1928 жылы 17 қаңтарда Семей губерниясы жабылды. Губернияға қараған уездермен болыстардан, Ақмола, Қарқаралы, Павлодар, Семей және Сыр-дария округтерінен аудандар құрылды. (1928 жылы 3 қыркүйекте БОАК-пен бекітілді). Қарқаралы уезі (орталығы Қарқаралы қ.) жоғарыда атап көрсетілгендей біріктірілген 16 болыс қарады. 1928 жылы 17 қаңтарда Қарқаралы уезі жабылды. Болыстарынан аудандар құрылып, 7 ауданды құрады [1, 73 б.]. Республика құрылымында әкімшілік-аумақтық бөлініс өзгеріске түсті. Алдыңғы әкімшілік-аумақтық бөлініс республиканың өндіріс күшіне айнала алмайтын еді: губерниялар мен уездер территория аумағына, экономикалық құндылықтарын есепке алмады. Қазақстан аумағында 3 миллион шаршы шақырымды алып жатқан 6 губерния және 2 округ болды.

Әрбір губерния территориясы шамамен алғанда жарты миллион шаршы шақырым болды. Уездерде үлкен аумақты қамтыды, шамамен алғанда 150 мыңға жуық адам санымен 60-80 мың шаршы шақырым. Болыстардың аумағы 10 мың шаршы шақырым. Губерния, уездермен болыстардың мұндай үлкен аумақты алып жатқаны, оның губерния орталығынан

уезд орталығына дейінгі аралық 500 шақырымды алып жатты. Ол кезде хат және байланыс құралдарының дамуы әлсіз болды [1, 21 б.]. Азамат соғысының аяқталуы мен бейбіт өмірдің келуін өлке халқы күтпеген шаруашылықты қалпына келтіру үмітімен қарсы алды. 1920 ж. Қаңтарда Қарқаралы уездік революциялық комитетінің басшылығымен уездік партия ұйымы құрылып, ол өңірдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне жалпы басшылық жасады. Ол кезде революция барысында билікке келіп, 1918-1920 ж. Азамат соғысындағы жеңісі нәтижесінде билігін нығайтқан большевиктер партиясының қатары аз болатын [2, 16 б.]. Уезде партия ұйымы құрылған кезде ондағы коммунистер қатарында небәрі 24 адам болды, сонда да биліктің барлық тетігі партия ұйымының қолында еді. Әуелде ревком арқылы, ал еңбекшілердің жергілікті кеңесі депутаттарының сайлауы өткеннен кейін аудандық атқару комитеті арқылы РК(б)П Қарқаралы аудандық ұйымының бюросы кеңес өкіметінің қаулы-қарарлары жігерлі түрде іске асыра бастады. Сөз жоқ, уездік және Семей губерниялық партия комитеттерінің де, жергілікті кеңестердің де жұмыс жоспарында бірінші кезекте өлкенің терең дағдарыс пен күйзеліске ұшыраған экономикасын жандандыру міндеті тұрған еді. Ревком мүшелері А.Радченко, Н.Нұрмақов, И.Ляпин, А.Спирин, РК(б)П уездік комитетінің хатшысы В.Мей және басқа басшылар бірінші кезекте жаңа өкіметтің билігін нығайтумен айналысты. Сонымен қатар білім беру, сауда жүйелерінің жұмысы, азық-түлік мәселесін шешу шаралары қолға алынды. Қала шаруашылығы мен қоғамдық жұмыстарды жалға қою мәселесі қарастырылды [3, 198 б.]. Бірақ, 20-жылдардың басында өлі де болса елде тыныштық орнай қойған жоқ еді. Экономикалық күйзелістің қиын ахуалын шаруа бұқарасының наразылығы ұшығып отырды. Жаңа өкіметтің алым-салықтары мен азық-түлік саясатынан ығыр болған жеке шаруа қожалықтары, ең алдымен кезінде қоныс аударып келген орыс шаруалары, жаңа үкіметтің шараларын орындағылары келмеді, ал кейбір жағдайларда азамат соғысы кезінен қалған қарулы топтардың бас көтерулеріне тікелей қолдау керсетіп отырды. Большевиктердің өршіткен тап күресі жағдайында әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы алауыздық жасанды түрде шиеліністірілді. Бұған кейбір жеке топтардың кеңес өкіметін қолдағандарға қарсы наразылығы қосылды. Осы жағдай 1921 ж. Көктемде Қарқаралы аудандық активі (78 адам) қытай шекарасына ығысып бара жатқан қарулы ақ гвардияшылар тобынан түгелге жуық қаза болған күндері айқын байқалды. 1921 ж. 6-12 сәуір күндері қала ақ гвардияшылар қолында қалды. Сол күндері аудандық аппарат қызметкерлері мен олардың отбасы түгелге жуық аяусыз азапталып, өлімге душар болды.

Қаза болғандар қатарында жастардың аудандық ұйымының жетекшілері Әбжан Медеубаев пен Нина Иванова да бар еді. Бандиттер қаланың барлық азық-түлік қорын жоқ қылып, сауда орындарын тонап кетті, бірқатар үйлер мен мекемелерді өртеп жіберді [4, 59 б.]. 1921 ж. Көктемдегі қанды оқиғалардан кейін Семей губерниялық ревкомы Қарқаралы уездік ревкомы мен партия ұйымын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді. 1921 ж. Жазда РК(б)П қатарына 130 адам алынды [5, 246 б.]. Өлкенің жағдайы партия мен өкіметтің жаңа экономикалық саясатқа көшу туралы әйгілі шешімінен кейін жақсара бастады. Осының негізінде, жеке шаруа қожалықтарының еңсесі көтеріле бастады. Жер өңдеп, егін салу және мал өсірумен айналысатын әртүрлі бірлескен серіктестер құрылды. Атақты Қоянды жәрмеңкесі өзінің жұмысын қайта бастады. Ол тек айырбас сауда орталығы ғана емес, Қарқаралы мен оған көршілес өңірдің халық таланттары жиналатын жер еді. Өлке экономикасын қалпына келтіру. Халықтың материалдық әл-ауқатын көтеру бүкіл мемлекет көлеміндегі саясат негізінде жүргізілді. Бірақ бұл ұзаққа бармады. Оны кеңес мемлекетінің экономикасын «революциялық жолмен» қайта құру идеясы басқа арнаға бұрып жіберді. Аграрлық саланы ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру арқылы күшпен өзгерту және соның негізінде «елді индустрияландыру» деген ұранмен кең көлемді өнеркәсіп құрылысын жүргізу орны толмас қасіретті зардаптарға алып келді. Ауыл мен деревняның ресурстарын тартып алу, ұжым шаруашылықтарын құру үшін бар малды ортаға салғызу мемлекетке қатаң мал өткізу. Ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізатын даярлау саясатымен қатар жүргізілді. Жаңа экономикалық саясатты доғарып, жаппай

ұжымдастыруға бет алу қарсаңында байлар мен жартылай феодал дегендердің мал-мүлкін тәркілеу іске асырылды. Сөйтіп, РК(б)П орталық комитетінің шешімі негізінде Қазақстан үкіметі мен Қазақ АКСР орталық атқару комитеті 1928 ж. 27 тамызда аса ірі жартылай феодал байлардың өндіріс құралдары мен мал-мүлкін тәркілеп өздерін жер аудару жөнінде декрет шығарды. Декрет бойынша көшпелі аудандарда ірі қараға шаққанда 400 бас малы бар, отырықшы аудандарда 150 бастан астам малы бар байлар тәркіленетін болды. Тәркілеуге бұлармен қоса жоғарыда көрсетілген мал мөлшеріне қарамастан сұлтандар мен хандар тұқымынан шыққандар, бұрын болыс болып, патша өкіметінен ерекше марапат алғандар да жатқызылды [5, 302 б.]. Ауқатты шаруаларды тәркілеу мен жер аудару біртіндеп аса қатаң, жасанды түрде өршіктірілген тап күресі негізінде басталды. 1928 ж. Соңына қарай Қарқаралы ауданына белгілі қоғам қайраткері, адвокат Жақып Ақбаевтың ағасы Ыбырай Ақбаев және оның ауқатты туыскандары әкімшілік жолмен тәркіленді. Ыбырайдың өзі Қостанай округіне жер аударылды. Тәркілеу мен жер аударудан бүкіл Қазақстанға белгілі тұлға Хасен Ақбаевтың өзі мен жақын туыстары да тыс қалмады. Сол мерзімде ірі мал иеленуші Жұмағазы Мақамбетовте Қазақстаннан тыс жерге жер аударылды. Мұндай тағдыр өңірде бұрыннан белгілі бай және ауқатты деген адамдардың ешқайсын айналып өтпеді.

Тәркілеуге ұшыраған бұрынғы саудагерлер мен олардың отбасылары да аудан жерінен көшіп кетуге мәжбүр болды [6, 36 б.]. Тәркілеу барысында жиналған мал мөлшері декрет бойынша межеленген жоспарға жетпей қалды. Ресми құжатта айтылғандай, «бай Ақбаевтардан 4 мыңнан астам мал тәркіленуі қажет еді, оның жартысына жуығы туыскандарына бөлініп берілген екен. Жартылай феодалдар Ақбаевтардың малын жасырып қалуға болыстық партия ұйымы мүшелерінің басым бөлігі қатынасты. Кейінірек оны РК(б)П-ның губерниялық комитеті өз шешімімен таратып жіберді» [6, 38 б.]. Ал шындығында, ауқатты және бай шаруаларға деген салық мөлшерінің ауырлығы оларды малдарын сойып алуға немесе туыскандарына таратып беруге мәжбүр еткені рас еді. Мұндай жағдай барлық жерде орын алды. Мысалы Қарқаралы ауданының өзінде тәркілеу қарсаңы мен жаппай ұжымдастыру кезінде бір мезгілде жүргізілген мемлекетке мал өткізу (жинау) науқаны тұсында жеке меншік шаруалар 19757 бас әртүрлі малды сойып алды немесе сатып жіберді [5, 357 б.]. Мұндай оқиғалар Қарқаралы округіне қарасты басқа аудандарда да жаппай орын алды. 1928 ж. 17 ақпанда әкімшілік-территориялық реформаға байланысты және жаңадан аудандастыру нәтижесінде Қарқаралы уезінің негізінде округ құрылған болатын. Уездік, губерниялық және болыстық басқару жүйесі таратылып, олардың орнына, бүкіл КСРО-дағы сияқты, Қазақстанда да облыстар мен округтер, аудандар құрылды. Болыстық кеңестерді ауылдық және селолық кеңестер алмастырды. Қарқаралы округінің құрамына 7 аудан кірді: Абыралы, Ақсары, Балқаш, Берікқара, Қу, Шет, Шұбартау. Сол кейінірек, 1930 ж. Басында орталығы Бесоба ауылы болған Сарыарқа ауданы құрылды. Бірақ көп ұзамай Берікқара және Сарыарқа аудандары таратылып, олардың жері Қарқаралы және шет пен Қоңырат (қазіргі ақтоғай) аудандарына бөлініп берілді. Осы өзгерістердің нәтижесінде Балқаш ауданы Қоңырат деп өзгертілді, ал Ақсары ауданы таратылды [2, 13 б.]. 1928 ж. бастап округтік партия комитетін Ғайнолла Сұлтанғалиев басқарды. Ол кейін Қазақ АКСР еңбек комиссары қызметіне ауысқан еді. Қарқаралы округінде оны көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, 1920 ж. Қазақ АКСР үкіметінің құрамында болған Мырзағұл Атаниязов алмастырды. Ұжымдастыру жылдары округком мүшелері болып Бендет (екінші хатшы), Пусеков, Айсабеков, Әбділкәрімова, Сейтенов, Жанқашев деген адамдар қызмет істеді. Ол кезде округтік атқару комитетінің төрағасы бұрын Темірші болыстық кеңесін басқарған, қара шаруадан шыққан ақын Ғабдиман Игенсартов еді [7, 103 б.]. 1930 ж. күзде Қарқаралы округі таратылды. Шамамен бүгінгі осы аумақта Қарқаралы ауданы құрылды (1934 ж. құрамында бұрынғы аудандары бар Қарқаралы округі қайта құрылып, ол 1936 ж. Біржолата тарағаны мәлім). 1930 ж. 20 қазанда аудандық комитеттің жауапты хатшысы болып М. Атаниязов сайланды. Өлке мен ауданда өтпелі ауыр кезеңде маманданған кадрлар жетіспеді.

Халық арасынан шыққандардың онын ішінде кедей топтары мен батрактардың қарапайым ғана білімімен жұмыс істеуде тәжірибесі жетпеді. Мұндай жағдай Қазақстанның барлық жерінде болды. Берілген нұсқауларды сөзсіз орындау. Әсіресе астық және шикізат өнімдерін. Сонымен қатар. Жыл сайын мал өнімдерін өткізуде мемлекеттік жоспарды асыра орындау барлық басқару мамандарына тән еді. Аудандық басшылар жоғарыдан берілген жоспар мен тапсырмаларды сол кездегі қатаң заңдық тұрғыдағы жауапкершілікпен атқарды, оны орындамау мүмкін емес те еді. Ал олар өз кезегінде шиеленіскен таптық күреске негізделген кеңес өкіметі мен большевиктік партияның саясатын жергілікті жерде іске асырды. Мұндай істі жүргізуде жаңағы жергілікті шала сауатты белсенділер, кешегі кедейлер мен батрактар олардың тірегі болды. Шаруалар қожалығын ұжымдастыру кезінде оларды шұғыл отырықшылыққа көшіру қатар жүргізілді. Мұнда назар аударатын нәрсе - қазақ халқының көптеген аудандары жартылай көшпелі шаруашылықпен айналысатын еді. Шаруалардың едәуір бөлігі егіншілікпен де айналысатын. Оларды рулық қыстауынан жана колхоз орталығына көшіріп мектеп, дәрігерлік пункт, мәдениет ошақтарын ашу сөзсіз жақсы іс еді. Бірақ Осының бәрі бей-берекет күштеп біріктірумен және кулактарды тап ретінде жоюмен қатар жүргізілді. Ауданнан тыс жерге кулактар деп орта шаруалардың 3-5 % жер аудару жағдайды ушықтырып жіберді. 1930 ж. 1 ақпандағы КСРО халық комиссарлары кеңесі мен БОАК қаулысы негізінде жүргізілген жаппай ұжымдастыру аудандарында кулактармен күресті күшейту шаралары халыққа қарсы ашық террор бастауға алып келді [8, 69 б.]. Кім мемлекетке малдарын еркімен беруге келіспесе, онда олар дереу кулак деп саналды. Осылайша, 1920 ж. Көктем мен жазда ауданда 800-дей адам байкулак қатарына жатқызылды. Аудан шаруаларының барлығы колхоздарға біріктірілді. Ұжымдастырудың қарқынын мына деректер дәлелдейді: 1930 ж. Көктемде ауданда 37 колхоз құрылса, қарашада бұл сан 68-ге жетті, 3067 шаруашылық біріктірілді. Шындығында көптеген колхоздар тек сөз жүзінде құрылған еді. Осы шағын, әлсіз колхоздар жаппай ашаршылық кезінде өздерін ұзақ ұстап тұра алмады. Аштық жылдарында аудан тұрғындарының көпшілігі өлмес үшін басқа аудандарға, тіпті республика аумағынан да үдере көшті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Справочник По административно-территориальному делению Казахстана (август 1920 – декабрь 1936 г.) Алма-Ата, 1959
- 2 История Каркарашы в документах и материалах. Т I. Алматы: 2008
- 3 Толыбеков С. Е. Кочевое общество казахов XVII - начала XX вв. Политико-экономический анализ. Алма-Ата, 1971
- 4 Әрінов А. Атамекен Арқадағы - шежірелі Қарқаралы. А., 2003
- 5 Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні.-А.: Эвро, 2004
- 6 Кұл-Мұхаммед М. Алаш ардагері Жақып Ақбаев. А., 1996
- 7 Шаймұханов Д.А. және т.б. Қасиетті мекен - Қарқаралы. - Қарағанды, 2004
- 8 Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец 19 – начало 20 вв.) Алма-Ата, 1968.

АШТЫҚ ЖАЙЛАҒАН ЕЛ: 1931-1933 ЖЖ.

Мәкен Ә.Б., г.ғ.м., оқытушы
Шохатаев О.С., а.э.м., аға оқытушы
Иксанов С.Б., г.ғ.м., аға оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.